

## **№2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ**

**Мектепке дейінгі ұйым:** «Еркемай» балабақшасы

**Өткізілген уақыты:** 08.11.2024 ж

**Қатысқан педагогтардың саны:** 10 педагог

**Тақырыбы:** Денсаулық сақтау технологиясын қолдану тиімділігін арттыра отырып, балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, салауатты өмір салтын ұйымдастыруға ықпал ету.

### **Күн тәртібі:**

1. №1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы есеп беру.
2. Ересек топты кешенді бақылау қорытындысы.
3. Балалардың өмірі мен денсаулығы туралы талдау:
  - Балалардың бейімделу кезіндегі ауруларын сараптау.
  - Шынықтыру шараларының ұйымдастырылуы туралы мәлімет.
4. Ата-аналар сауалнамасының талдауы: "Отбасында және балабақшада денсаулық сақтау".
5. Тақырыптық бақылау қорытындысы: "Мектеп жасына дейінгі балалармен салауатты өмір салтын ұйымдастырудағы педагогтар қызметі".
6. Іскерлік ойын: "Спорттық-педагогикалық микрофон".
7. Педагогтарға кеңес: "Мектеп жасына дейінгі балалардың дене дамуын оңтайландыру мақсатындағы педагогтардың өзара әрекеттестігі".
8. Педагогикалық кеңес шешімін талқылау және шешім қабылдау.

### **1-МӘСЕЛЕ**

**№1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы**

**Тыңдалды:**

Әдіскер Едильбаева Б.А. есеп берді. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы баяндама жасалды. Есепте балалардың қатысу белсенділігі, тәрбиешілердің жұмыс нәтижелері, ата-аналармен байланыс сапасы атап өтілді.

**Сөйледі:** Қатысушылар есепті талқылап, орындалған жұмыстарға оң баға берді.

### **2-МӘСЕЛЕ**

**«Ересек топты кешенді бақылау қорытындысы»**

**Тыңдалды:**

Меңгеруші Амирова Г.Х. мектепалды тобында жүргізілген кешенді бақылау қорытындысы бойынша есеп берді.

Бақылау барысында топтағы 25 тәрбиеленушінің оқу-тәрбие процесіне қатысуы, білім, білік және дағдыларының қалыптасу деңгейі, денсаулық жағдайы, сондай-ақ тәрбиешілердің кәсіби қызметі зерделенді.

**Бақылау нәтижесінде:**

- Балалардың 80%-ы жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру салалары бойынша бағдарламалық материалды жақсы меңгергені анықталды;
- 16% бала орта деңгейде нәтиже көрсетсе, 4% тәрбиеленушіге жеке қолдау қажет екендігі байқалды;

- Тіл дамыту ұйымдастырылған іс-әрекетінде балалардың сөздік қоры жеткілікті болғанымен, байланыстырып сөйлеу және өз ойын толық жеткізу дағдыларында қиындықтар кездесетіні анықталды;
- Математикалық сауаттылық бойынша балалардың басым бөлігі санау, салыстыру, геометриялық пішіндерді ажырату тапсырмаларын дұрыс орындады;
- Денсаулық сақтау технологияларын қолдану жүйелі жүргізілгенімен, кейбір балалардың ұсақ қол моторикасын дамытуға қосымша жұмыстар қажет екендігі анықталды;
- Тәрбиешілердің құжаттамасы талапқа сай жүргізілген, дамытушы орта ұйымдастырылған, алайда жеке жұмыс жоспарларын жетілдіру ұсынылды.

Бақылау қорытындысы бойынша тәрбиешілерге балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытуға бағытталған жұмыстарды күшейту, жеке даму карталары негізінде түзету жұмыстарын жүргізу және ата-аналармен ынтымақтастықты арттыру жөнінде ұсыныстар берілді.

#### **Сөйледі:**

Педагогтар бақылау нәтижелерін талқылап, анықталған мәселелерді шешу жолдары бойынша ұсыныстар енгізді.

Тәрбиешілер балалардың сөйлеу тілін дамыту мақсатында күнделікті әңгімелесу, көркем әдебиет оқу және театрландырылған ойындарды жиі ұйымдастыру қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар жеке қолдауды қажет ететін тәрбиеленушілермен қосымша жұмыстар жүргізу, ата-аналарға үй жағдайында орындалатын тапсырмалар беру және мониторинг нәтижелерін жүйелі талдап отыру ұсынылды.

Педагогикалық кеңес мүшелері бақылау барысында анықталған кемшіліктерді жою бойынша нақты іс-шаралар жоспарын әзірлеуді және келесі тоқсанда орындалу нәтижелерін қайта қарауды ұсынды.

### **3-МӘСЕЛЕ**

**Балалардың өмірі мен денсаулығы туралы талдау: балалардың бейімделу кезіндегі ауруларын сараптау. Шынықтыру шараларының ұйымдастырылуы туралы мәлімет.**

#### **Тыңдалды:**

Меңгеруші Амирова Г.Х. балалардың өмірі мен денсаулығы туралы талдау жасап, есеп берді. Бейімделу кезеңінде балалардың аурушандық деңгейі мен шынықтыру шараларының тиімділігі туралы талдау жасалды.

**Сөйледі:** Тәрбиешілер талқылау барысында шынықтыру шараларын жетілдіру және аурушандықты азайтуға бағытталған қосымша шаралар енгізу қажеттілігі атап өтілді.

### **4-МӘСЕЛЕ**

**Ата-аналар сауалнамасының талдауы: "Отбасында және балабақшада денсаулық сақтау".**

#### **Тыңдалды:**

Ата-аналар сауалнамасын талдау. Есеп беруші: Топ тәрбиешілері Абузарова Римма Мансуровна, Кабакова Рауза Абилямжоновна, Капсанатова Айда Канатовна, Еркінова Ботагоз Саматқызы, Шамилова Айымгул Батырбекқызы, Шманова Алтынай Жанабаевна

Мазмұны: "Отбасында және балабақшада денсаулық сақтау" тақырыбы бойынша ата-аналар сауалнамасының нәтижелері талданды.

**Талқылау:** Ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлері ескерілді. Бірқатар ата-аналар денсаулық сақтау шараларын жақсарту қажеттігін атап өтті.

#### **5-МӘСЕЛЕ**

**Тақырыптық бақылау қорытындысы: "Мектеп жасына дейінгі балалармен салауатты өмір салтын ұйымдастырудағы педагогтар қызметі".**

**Тыңдалды:**

Меңгеруші Амирова Г.Х. «Мектеп жасына дейінгі балалармен салауатты өмір салтын ұйымдастырудағы педагогтар қызметі» тақырыбында жүргізілген тақырыптық бақылау қорытындыларын таныстырды.

Бақылау барысында педагогтердің күн тәртібін ұйымдастыруы, денсаулық сақтау технологияларын қолдануы, балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін дамытуға бағытталған жұмыстары, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтауы және ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар зерделенді.

**Сөйледі:**

Педагогтар бақылау нәтижелерін талқылап, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жетілдіру бойынша өз ұсыныстарын білдірді.

Педагогикалық кеңес мүшелері салауатты өмір салтын насихаттау бойынша жаңа педагогикалық технологиялар мен тиімді тәжірибелерді енгізу, әр топта денсаулық сақтау жұмыстарының сапасын арттыру және осы бағыттағы мониторингті тұрақты жүргізу туралы шешім қабылдады.

#### **6-МӘСЕЛЕ**

Іскерлік ойын: "Спорттық-педагогикалық микрофон"

**Тыңдалды:**

Әдіскер Едильбаева Б.А. іскерлік-ойын ұйымдастырып, қатысушылар блиц-сауалдарға жауап беріп, денсаулық сақтау технологиялары туралы пікір алмасты. Іскерлік ойын педагогтардың денсаулық сақтау технологияларын қолданудағы білімдерін нығайтты.

#### **7-МӘСЕЛЕ**

**Педагогтарға кеңес: "Мектеп жасына дейінгі балалардың дене дамуын оңтайландыру мақсатындағы педагогтардың өзара әрекеттестігі".**

**Тыңдалды:** Тәрбиеші Еркінова Ботагоз Саматқызы педагогтарға мектеп жасына дейінгі балалардың дене дамуын оңтайландыру бойынша педагогтардың өзара әрекеттестігіне арналған кеңес берілді.

**Сөйледі:** Қатысушылар ұсынылған кеңестердің маңыздылығын атап өтті.

#### **ШЕШІМІ:**

1. №1 педагогикалық кеңесте қойылған міндеттердің толық орындалғанын ескере отырып, жұмыстарды жалғастыру ұсынылды.
2. Топта денсаулық сақтау шараларын күшейту және тәрбиешілердің кәсіби деңгейін арттыру бойынша жұмыс жүргізу.
3. Шынықтыру шараларын күшейту және ата-аналармен бірлескен жұмыс жүргізу.

4. Ата-аналармен денсаулық сақтау мәдениетін дамыту бойынша ашық-есік күнін өткізу.
5. Педагогтардың жұмысын жетілдіру үшін тәжірибе алмасу шараларын ұйымдастыру.
6. Кеңестерді тәжірибеде қолдану бойынша жоспар әзірлеу.
7. Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту бойынша шараларды күшейту.
  - Ата-аналармен бірлескен жұмысқа баса назар аудару.
  - Салауатты өмір салтын насихаттау бойынша педагогтардың кәсіби деңгейін арттыру.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

Амирова Г.Х.

Хатшы:

Жаманова Н.А.

## **№1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ШЕШІМІНІҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

Құрметті педагогикалық кеңес мүшелері! 2024–2025 оқу жылының басында өткізілген №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуына бақылау жүргізілді. Жүргізілген мониторинг нәтижесінде қабылданған шешімдердің басым бөлігі толық көлемде орындалғаны анықталды.

### **1. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысы бойынша**

Жазғы сауықтыру кезеңінде жоспарланған барлық іс-шаралар толық орындалды. Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында таңғы гимнастика, шынықтыру шаралары, кимылды ойындар, спорттық жарыстар, танымдық және шығармашылық іс-шаралар ұйымдастырылды. Тәрбиешілер балалардың қауіпсіздігін сақтауға ерекше көңіл бөліп, ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жүргізді. Жазғы кезеңде балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру қамтамасыз етілді.

### **2. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы бойынша**

«Жұлдызай» кіші тобы, «Қошақан» ортаңғы тобы, «Еркежан» ересек, «Ботақан» мектепалды тобында жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары толық жүргізілді. Топ бөлмелері санитарлық талаптарға сәйкес жабдықталып, пәндік-дамытушы орта жаңартылды. Оқу қызметіне қажетті көрнекіліктер мен дидактикалық материалдар толықтырылды. Жедел бақылау нәтижесі бойынша топтардың жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деңгейде деп танылды.

### **3. Жылдық жоспар мен міндеттердің орындалуы бойынша**

Бөбекжайдың 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жоспары негізінде барлық жұмыстар жүйелі жүргізілді.

Жылдық міндеттерге сәйкес:

- заманауи педагогикалық технологияларды қолдану;
- функционалдық сауаттылықты дамыту;
- тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын арттыру;
- ұлттық құндылықтарды насихаттау бағытындағы жұмыстар жүзеге асырылды.

Педагогтер жоспарланған іс-шараларға белсенді қатысты.

### **4. Күн тәртібі мен ҰІӨ кестесінің орындалуы бойынша**

Бекітілген күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі беркітілді. Жаңа оқу жылы бойы сақталады. Тәрбиешілер мен мамандар оқу қызметін бекітілген кестеге сәйкес жүргізіп отырады. Бақылау нәтижесінде кестенің орындалуында айтарлықтай ауытқулар анықталған жоқ.

### **5. Аттестаттау комиссиясының жұмысы бойынша**

Педагогтерді аттестаттау мақсатында құрылған аттестаттау комиссиясы өз жұмысын жоспарға сәйкес бастады. Комиссия мүшелері аттестаттауға қатысатын педагогтерге әдістемелік көмек көрсетіп, құжаттарының талапқа сай рәсімделуіне қолдау көрсетуде.

### **6. Сараптамалық кеңестің жұмысы бойынша**

Сараптамалық кеңес педагогтердің кәсіби қызмет нәтижелерін зерделеу және бағалау жұмыстарын жүргізуде. Педагогтердің портфолиоары қаралып, кәсіби жетістіктері саралануда. Қажетті ұсыныстар мен кеңестер берілді.

#### **7. Педагогикалық кеңестің жұмысы бойынша**

Педагогикалық кеңестің бекітілген құрамы оқу жылы барысында жоспарлы жұмыстар атқарды. Педагогикалық кеңес отырыстары уақытылы өткізіліп, қабылданған шешімдердің орындалуы бақылауға алынып отырды. Кеңес хатшысы Жаманова нурия Ажбаевна хаттамаларды талапқа сай жүргізді.

#### **8. Мамандардың жұмыс кестесінің орындалуы бойынша**

Педагог-психолог, дене шынықтыру нұсқаушысы, қазақ тілі мұғалімі кестелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес орындалды. Мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекеттері жоспар бойынша жүргізілді.

#### **9. Қызметкерлерді топтар бойынша орналастыру бойынша**

Педагогтер мен көмекші қызметкерлер бекітілген топтар бойынша жұмыс атқарды. Топтар қажетті педагог кадрлармен толық қамтамасыз етіліп, оқу-тәрбие процесі үздіксіз жүргізілді.

#### **10. Нормативтік құжаттар мен жоспарлау жұмыстары бойынша**

Барлық педагогтер нормативтік-құқықтық құжаттардың талаптарын басшылыққа алып жұмыс жүргізді. Перспективалық жоспарлар, циклограммалар және мамандардың жоспарлары уақытылы әзірленіп, келісіліп отырды. «Bilim Kids» платформасының материалдары тәрбиешілер тарапынан қосымша әдістемелік құрал ретінде тиімді пайдаланылды. Пән мұғалімдерінің перспективалық жоспарлары жеке жүргізіліп, циклограммаларда белгіленген талаптар сақталды.

**Қорытынды:** Жүргізілген бақылау нәтижесінде №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің толық орындалғаны анықталды. Қабылданған шешімдер бөбекжайдың оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыруға, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге және балалардың жан-жақты дамуына оң ықпал етті.

Орындалу деңгейі: толық орындалды.

Әдіскер:

Едильбаева Б.А.

## **«БОТАҚАН» МЕКТЕПАЛДЫ ТОБЫН КЕШЕНДІ БАҚЫЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Құрметті педагогикалық кеңес мүшелері! Жылдық жоспарға сәйкес «Ботақан» мектепалды тобында кешенді бақылау жүргізілді. Бақылаудың мақсаты – тәрбиелеу-білім беру процесінің ұйымдастырылу деңгейін, балалардың білім, білік, дағдыларының қалыптасуын, педагогтің кәсіби қызметін, дамытушы ортаның ұйымдастырылуын және нормативтік құжаттардың жүргізілу сапасын анықтау болды.

Кешенді бақылау барысында ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу, балалардың іс-әрекеттерін бақылау, құжаттамаларды зерделеу, дамытушы ортаны бағалау және ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарға талдау жасалды.

### **Тәрбие-білім беру процесінің ұйымдастырылуы**

Топта оқу-тәрбие жұмысы бекітілген күн тәртібі мен циклограммаға сәйкес жүргізіледі. Тәрбиеші тәрбиелеу мен оқытудың заманауи әдіс-тәсілдерін тиімді қолданып, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс жүргізеді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер барысында балалар белсенділік танытып, қойылған сұрақтарға толық жауап беруге, өз ойларын еркін жеткізуге талпынады. Педагог оқу қызметінде көрнекіліктерді, ойын технологияларын және дамытушы тапсырмаларды орынды пайдаланады.

### **Балалардың даму деңгейі**

Бақылау нәтижесінде балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларының жақсы қалыптасқаны байқалды.

Балалар:

- қарапайым математикалық ұғымдарды меңгерген;
- байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамытқан;
- қоршаған орта туралы түсініктері қалыптасқан;
- шығармашылық жұмыстарды қызығушылықпен орындайды;
- құрдастарымен еркін қарым-қатынас жасайды.

Әсіресе балалардың сөйлеу мәдениеті, танымдық қызығушылығы және дербес әрекет ету қабілеттері жақсы деңгейде екендігі анықталды.

### **Дамытушы орта жағдайы**

Топтағы заттық-дамытушы орта балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылған.

Топта:

- кітап бұрышы;
- шығармашылық орталық;
- ұлттық құндылықтар бұрышы;
- құрылыс және құрастыру ойындары;
- дидактикалық ойындар;
- танымдық материалдар жеткілікті деңгейде қамтылған.

Дамытушы орта балалардың қызығушылығын арттыруға және дербес әрекет етуіне мүмкіндік береді.

### **Денсаулық сақтау жұмыстары**

Топта денсаулық сақтау технологиялары жүйелі түрде қолданылып келеді. Таңертеңгілік жаттығулар, сергіту сәттері, қимылды ойындар, таза ауадағы

серуендер тұрақты ұйымдастырылады. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізілуде.

### **Құжаттамалардың жүргізілуі**

Перспективалық жоспарлар, циклограммалар, мониторинг құжаттары және басқа да қажетті құжаттар талапқа сай жүргізілген. Құжаттар уақытылы толтырылып, әдістемелік талаптарға сәйкес рәсімделген.

### **Ата-аналармен жұмыс**

Ата-аналармен өзара байланыс жүйелі ұйымдастырылған. Кеңестер, жеке әңгімелер, ата-аналар жиналыстары және ақпараттық жұмыстар тұрақты өткізіліп отырады. Ата-аналардың топ өміріне қатысу белсенділігі жақсы деңгейде.

### **Анықталған жетістіктер**

- Тәрбие-білім беру жұмысы жүйелі ұйымдастырылған;
- Балалардың білім деңгейі жас ерекшелігіне сәйкес келеді;
- Дамытушы орта талапқа сай жабдықталған;
- Денсаулық сақтау технологиялары тиімді қолданылуда;
- Құжаттамалар сапалы жүргізіледі;
- Ата-аналармен байланыс жақсы жолға қойылған.

### **Ұсыныстар**

1. Балалардың зерттеушілік және шығармашылық әрекеттерін одан әрі жетілдіру.
2. Ұлттық құндылықтарға бағытталған дидактикалық материалдар қорын толықтыру.
3. Балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту жұмыстарын жалғастыру.
4. Ата-аналарды бірлескен іс-шараларға кеңінен тарту.

**Қорытынды:** Кешенді бақылау нәтижесінде ересек топтағы тәрбие-білім беру процесінің ұйымдастырылуы қанағаттанарлық деңгейде екендігі анықталды. Топ педагогі өз жұмысын жоспарлы түрде жүргізеді, балалардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасалған. «Болашақ», «Дарын» мектепалды тобының жұмысы оң бағаланып, тәжірибесін жалғастыру ұсынылады.

Меңгеруші:

Амирова Г.Х.

## «БОТАҚАН» МЕКТЕПАЛДЫ ТОПҚА ЖҮРГІЗІЛГЕН КЕШЕНДІ БАҚЫЛАУ ПАРАҚТАРЫ

### 1. Тәрбиеші қызметін бақылау парағы

| № | Бақылау көрсеткіштері                      | Иә | Жоқ | Ескерту                              |
|---|--------------------------------------------|----|-----|--------------------------------------|
| 1 | Перспективалық жоспар талапқа сай құрылған | ✓  |     | Уақытылы жүргізіледі                 |
| 2 | Циклограмма уақытылы толтырылады           | ✓  |     | Талапқа сай                          |
| 3 | ҰІӨ сапалы ұйымдастырылады                 | ✓  |     | Белсенді әдістер қолданылады         |
| 4 | Заманауи әдіс-тәсілдерді қолданады         | ✓  |     | Ойын технологиялары пайдаланылады    |
| 5 | Балалардың белсенділігі қамтамасыз етілген | ✓  |     | Балалар қызығушылық танытады         |
| 6 | Жеке жұмыс жүргізіледі                     | ✓  |     | Қажетті балалармен жұмыс жүргізіледі |
| 7 | Қауіпсіздік талаптары сақталады            | ✓  |     | Ескертулер жоқ                       |
| 8 | Ата-аналармен жұмыс жүйелі жүргізіледі     | ✓  |     | Жоспарға сәйкес                      |

**Қорытынды:** Тәрбиешінің жұмыс жүйесі талапқа сай ұйымдастырылған. Құжаттамалары толық, оқу-тәрбие процесі сапалы жүргізіледі.

### 2. Дамытушы ортаны бақылау парағы

| № | Көрсеткіштер                  | Бар | Жоқ | Ескерту                      |
|---|-------------------------------|-----|-----|------------------------------|
| 1 | Кітап бұрышы                  | ✓   |     | Жаңартылған                  |
| 2 | Ұлттық құндылықтар бұрышы     | ✓   |     | Безендірілген                |
| 3 | Танымдық ойындар              | ✓   |     | Жеткілікті                   |
| 4 | Құрылыс ойындары              | ✓   |     | Қолданылады                  |
| 5 | Шығармашылық бұрыш            | ✓   |     | Материалдар жеткілікті       |
| 6 | Табиғат бұрышы                | ✓   |     | Балалар бақылау жүргізеді    |
| 7 | Қауіпсіздік бұрышы            | ✓   |     | Көрнекіліктер бар            |
| 8 | Материалдардың қолжетімділігі | ✓   |     | Балаларға ыңғайлы орналасқан |

**Қорытынды:** Дамытушы орта балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған.

### 3. Денсаулық сақтау жұмыстары бойынша бақылау

| № | Көрсеткіштер                  | Орындалады | Жартылай | Орындалмайды |
|---|-------------------------------|------------|----------|--------------|
| 1 | Таңғы жаттығу                 | ✓          |          |              |
| 2 | Сергіту сәттері               | ✓          |          |              |
| 3 | Қимылды ойындар               | ✓          |          |              |
| 4 | Таза ауадағы серуен           | ✓          |          |              |
| 5 | Шынықтыру шаралары            | ✓          |          |              |
| 6 | Қауіпсіздік ережелерін сақтау | ✓          |          |              |

**Қорытынды:** Денсаулық сақтау технологиялары жүйелі түрде жүзеге асырылады.

### 4. Ата-аналармен жұмыс бойынша бақылау

| № | Көрсеткіштер                         | Иә | Жоқ |
|---|--------------------------------------|----|-----|
| 1 | Ата-аналар жиналысы өткізілген       | ✓  |     |
| 2 | Жеке кеңестер берілген               | ✓  |     |
| 3 | Ақпараттық бұрыш жаңартылған         | ✓  |     |
| 4 | Бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылған | ✓  |     |
| 5 | Кері байланыс жүргізілген            | ✓  |     |

**Қорытынды:** Ата-аналармен ынтымақтастық жақсы жолға қойылған. Ата-аналардың топ жұмысына қатысу белсенділігі жоғары.

**Жалпы қорытынды:** Кешенді бақылау нәтижесінде «Алақай» ересек топтағы тәрбие-білім беру процесінің ұйымдастырылуы жоғары деңгейде екендігі анықталды. Бақылау көрсеткіштерінің орындалу деңгейі – 95%. Тәрбиеші құжаттамаларды талапқа сай жүргізеді, дамытушы орта толық жабдықталған, балалардың даму көрсеткіштері жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Денсаулық сақтау және ата-аналармен жұмыс бағытындағы жұмыстар жүйелі ұйымдастырылған.

**Шешім:** «Ботақан» мектепалды тобының жұмысы «жақсы» деңгейде деп бағалансын. Тәрбиешінің іс-тәжірибесін тарату ұсынылсын.

Меңгеруші: Едильбаева Б.А.

## БАЛАЛАРДЫҢ ӨМІРІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ТАЛДАУ

Балалардың бейімделу кезеңіндегі ауруларын сараптау

2024–2025 оқу жылының басында балабақшаға жаңадан қабылданған тәрбиеленушілердің бейімделу кезеңіне бақылау жүргізілді. Бейімделу жұмыстары балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылды. Бейімделу кезеңінде балалардың эмоционалдық жағдайына, денсаулық көрсеткіштеріне және күн тәртібіне үйрену деңгейіне ерекше көңіл бөлінді. Тәрбиешілер мен педагог-психолог тарапынан балаларға қолайлы психологиялық ахуал қалыптастырылып, ата-аналармен тығыз байланыс орнатылды. Жүргізілген бақылау нәтижесінде балалардың көпшілігі балабақша жағдайына жеңіл және орташа деңгейде бейімделді. Кейбір тәрбиеленушілерде алғашқы апталарда мазасыздық, ата-анасын сағыну, тәбеттің төмендеуі байқалғанымен, уақыт өте келе бұл белгілер жойылды.

Аурушандық көрсеткіштерін талдау барысында бейімделу кезеңінде негізінен маусымдық вирустық инфекциялар мен жеңіл суық тию жағдайлары тіркелді. Ауру жағдайлары балалардың балабақша ортасына бейімделуімен және маусымдық өзгерістермен байланысты болды. Жалпы алғанда, жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде балалардың балабақшаға бейімделуі сәтті өтті, ауыр бейімделу жағдайлары анықталған жоқ.

### **Шынықтыру шараларының ұйымдастырылуы туралы мәлімет**

Балалардың денсаулығын нығайту және аурулардың алдын алу мақсатында жыл бойы шынықтыру шаралары жүйелі түрде ұйымдастырылды. Шынықтыру жұмыстарының негізгі түрлері: таңертеңгілік гимнастика, сергіту жаттығулары, таза ауадағы қимылды ойындар, күнделікті серуендер, ауа ванналары, тыныс алу жаттығулары, дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттері, денсаулық минуттары. Жазғы кезеңде шынықтыру жұмыстарының көлемі ұлғайтылып, таза ауада өткізілетін ойындар мен жаттығулар саны арттырылды.

Тәрбиешілер балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, шынықтыру жұмыстарын жүйелі ұйымдастырды. Барлық шаралар санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес өткізілді.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде:

- балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігі артты;
- дене шынықтыруға қызығушылығы қалыптасты;
- шыдамдылық және төзімділік қасиеттері дамыды;
- салауатты өмір салты туралы түсініктері кеңейді;
- аурушандық деңгейінің төмендеуіне оң ықпал етті.

**Қорытынды:** Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бағытындағы жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізілді. Бейімделу кезеңі қанағаттанарлық деңгейде өтіп, балалардың көпшілігі балабақша жағдайына сәтті бейімделді. Шынықтыру шаралары жүйелі ұйымдастырылып, тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға оң әсерін тигізді.

Меңгеруші: Амирова Г.Х.

### **АТА-АНАЛАР САУАЛНАМАСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

**Есеп берушілер:** топ тәрбиешілері

**Тақырыбы:** «Отбасында және балабақшада денсаулық сақтау»

Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелері бойынша ата-аналардың пікірін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға тәрбиеленушілердің ата-аналары қатысты.

**Сауалнаманың мақсаты:** Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты анықтау, балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған жұмыстардың тиімділігін бағалау және ата-аналардың ұсыныстарын жинақтау.

**Сауалнамаға қатысушылар:** Сауалнамаға кіші, ортаңғы және ересек тобының ата-аналары

**Сауалнама сұрақтары:**

1. Балабақшада балалардың денсаулығын сақтау жұмыстары жеткілікті деңгейде ұйымдастырылған деп есептейсіз бе?
2. Балаңыздың денсаулық жағдайында оң өзгерістер байқадыңыз ба?
3. Шынықтыру шаралары туралы ақпаратыңыз жеткілікті ме?
4. Балабақша мен отбасының денсаулық сақтау бағытындағы ынтымақтастығына көңіліңіз тола ма?
5. Денсаулық сақтау бойынша қосымша қандай жұмыстар жүргізілгенін қалайсыз?

**Мониторинг нәтижесі**

| Сұрақтар                                                  |
|-----------------------------------------------------------|
| Балабақшадағы денсаулық сақтау жұмыстарына қанағаттанамын |
| Баламның денсаулығында оң өзгеріс байқалды                |
| Шынықтыру жұмыстары туралы ақпарат аламын                 |
| Балабақша мен отбасы ынтымақтастығына қанағаттанамын      |
| Денсаулық сақтау шараларын жалғастыру қажет деп санаймын  |

**Нәтижелерді талдау:**

Сауалнама қорытындысы бойынша ата-аналардың басым көпшілігі балабақшада жүргізіліп жатқан денсаулық сақтау жұмыстарын жоғары бағалады.

**90%** ата-ана балабақшадағы денсаулық сақтау және қауіпсіздік шараларына толық қанағаттанатынын көрсетті.

**85%** ата-ана баласының денсаулық жағдайында оң өзгерістер байқалғанын атап өтті. Олар балалардың қозғалыс белсенділігінің артқанын, күн тәртібіне бейімделгенін және өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының жақсарғанын көрсетті.

**80%** ата-ана шынықтыру жұмыстары туралы жеткілікті ақпарат алатынын айтты.

**90%** ата-ана балабақша мен отбасы арасындағы байланысты жақсы деңгейде деп бағалады.

**Ата-аналардың ұсыныстары:**

Сауалнама барысында ата-аналар тарапынан келесі ұсыныстар айтылды:

- таза ауадағы спорттық іс-шараларды көбейту;
- отбасылық спорттық жарыстар ұйымдастыру;
- дұрыс тамақтану бойынша кеңестер өткізу;
- ата-аналарға арналған денсаулық сабақтарын көбейту;
- балаларды шынықтыру бойынша жадынамалар тарату.

**Қорытынды:** Мониторинг нәтижесі ата-аналардың балабақшада жүргізіліп жатқан денсаулық сақтау жұмыстарына оң көзқараста екенін көрсетті. Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған жұмыстар тиімді жүргізілуде. Сонымен қатар ата-аналардың ұсыныстары негізінде денсаулық сақтау мәдениетін қалыптастыру және отбасы мен балабақша арасындағы серіктестікті одан әрі жетілдіру қажет.

Сауалнама нәтижелерін талдау барысында ата-аналардың басым бөлігі балабақшада жүргізіліп жатқан денсаулық сақтау жұмыстарына оң баға бергені анықталды. Ата-аналар балалардың күн тәртібінің сақталуын, дене шынықтыру және сауықтыру шараларының жүйелі ұйымдастырылуын, қауіпсіз орта қалыптастырылғанын атап өтті.

Сауалнама қорытындысы бойынша: ата-аналардың көпшілігі балабақшадағы денсаулық сақтау жұмыстарына қанағаттанатынын білдірді; балалардың дене белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыстардың тиімділігі атап өтілді; шынықтыру шараларын жалғастыру қажеттігі көрсетілді; дұрыс тамақтану мен салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы жұмыстарға қолдау білдірілді.

**Талқылау:** Талқылау барысында ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлері қарастырылды. Бірқатар ата-аналар:

- таза ауадағы ойындар мен спорттық іс-шараларды көбейту;
- ата-аналарға арналған денсаулық сақтау тақырыбындағы кеңестер мен семинарларды жиі өткізу;
- балалардың дұрыс тамақтануы мен дене белсенділігі туралы ақпараттандыру жұмыстарын күшейту жөнінде ұсыныстар айтты.

Ата-аналардың ұсыныстары алдағы жұмыс жоспарын құру кезінде ескерілетін болады.

**Қорытынды:** Жүргізілген сауалнама нәтижесі ата-аналар мен балабақша арасындағы ынтымақтастықтың жақсы деңгейде екенін көрсетті. Денсаулық сақтау бағытындағы жұмыстарды жетілдіру және ата-аналарды сауықтыру іс-шараларына кеңінен тарту қажеттігі анықталды.

**Шешім:** Денсаулық сақтау және шынықтыру шараларын жүйелі түрде жалғастыру. Ата-аналарға арналған денсаулық сақтау мәдениетін қалыптастыру бойынша кеңестер мен семинарларды ұйымдастыру. Отбасы мен балабақша арасындағы серіктестікті нығайту бағытындағы жұмыстарды күшейту.

**Топ тәрбиешілері:**

Абузарова Р.М.

Кабакова Р.А.

Капсанатова А.К.

Еркінова Б.С.

Шамилова А.Б.

Шманова А.Ж.

## **ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҚЫЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

**Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалармен салауатты өмір салтын ұйымдастырудағы педагогтар қызметі»**

**Бақылаудың мақсаты:** Педагогтердің мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау және нығайту бағытындағы жұмысын зерттеу, салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған әдістер мен технологияларды қолдану тиімділігін анықтау.

Бақылауға қамтылған топтар: «Жұлдызай» кіші тобы, «Қошақан» ортаңғы тобы, «Еркежан» ересек, «Ботақан» мектепалды топ

**Бақылау барысында қаралған мәселелер:**

- Тәрбиешілердің жоспарлау құжаттары;
- Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің сапасы;
- Денсаулық сақтау технологияларының қолданылуы;
- Таңғы жаттығулар мен сергіту сәттері;
- Қимылды ойындардың ұйымдастырылуы;
- Шынықтыру шаралары;
- Қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру жұмыстары;
- Ата-аналармен жұмыс;
- Дамытушы ортаның ұйымдастырылуы.

**Бақылау парағы**

| №  | Бақылау көрсеткіштері                                                  | Орындалуы |
|----|------------------------------------------------------------------------|-----------|
| 1  | Перспективалық жоспарларда денсаулық сақтау міндеттерінің қарастырылуы | ✓         |
| 2  | Циклограммада сауықтыру жұмыстарының жүйелі жоспарлануы                | ✓         |
| 3  | Таңғы жаттығулардың күнделікті өткізілуі                               | ✓         |
| 4  | Сергіту сәттерінің жүйелі ұйымдастырылуы                               | ✓         |
| 5  | Қимылды ойындардың жас ерекшелігіне сәйкес жүргізілуі                  | ✓         |
| 6  | Шынықтыру шараларының ұйымдастырылуы                                   | ✓         |
| 7  | Таза ауадағы серуендердің талапқа сай өткізілуі                        | ✓         |
| 8  | Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің сапасы                 | ✓         |
| 9  | Қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру жұмыстары                          | ✓         |
| 10 | Балалардың қозғалыс белсенділігін қамтамасыз ету                       | ✓         |
| 11 | Денсаулық сақтау технологияларын қолдану                               | ✓         |
| 12 | Ата-аналармен түсіндіру жұмыстары                                      | ✓         |
| 13 | Салауатты өмір салтын насихаттау бұрышының болуы                       | ✓         |
| 14 | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларының қалыптасуы                   | ✓         |
| 15 | Балалардың өз денсаулығына жауапкершілік көзқарасының қалыптасуы       | ✓         |

**Бақылау барысында анықталған жетістіктер:** Тәрбиешілер оқу-тәрбие процесінде денсаулық сақтау технологияларын тиімді қолданады. Күн тәртібінде

таңғы жаттығулар, сергіту сәттері, қимылды ойындар және серуендер жүйелі ұйымдастырылған. Балалардың мәдени-гигиеналық дағдылары қалыптасқан. Балалар қол жуу, жеке бас тазалығын сақтау, тамақтану мәдениеті және қауіпсіздік ережелерін сақтауды біледі. Топтарда денсаулық бұрыштары жабдықталған. Салауатты өмір салтын насихаттайтын көрнекіліктер мен дидактикалық материалдар пайдаланылуда. Ата-аналармен денсаулық сақтау мәдениетін қалыптастыру бағытында кеңестер, жадынамалар, жеке әңгімелер және ақпараттық жұмыстар жүргізілген.

#### **Анықталған кемшіліктер:**

- Шынықтыру шараларының кейбір түрлері маусымдық кезеңдерде ғана қолданылған;
- Ата-аналардың денсаулық сақтау бағытындағы іс-шараларға қатысу белсенділігі біркелкі емес;
- Салауатты өмір салтын насихаттауға арналған дидактикалық материалдар қорын толықтыру қажет.

#### **Ұсыныстар:**

1. Шынықтыру шараларының түрлерін көбейту.
2. Денсаулық сақтау технологиялары бойынша тәжірибе алмасу жұмыстарын ұйымдастыру.
3. Ата-аналарды бірлескен спорттық және сауықтыру іс-шараларына көбірек тарту.
4. Салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған көрнекілік және дидактикалық материалдарды толықтыру.
5. Балалардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру жұмыстарын жалғастыру.

**Қорытынды:** Тақырыптық бақылау нәтижесінде педагогтердің мектеп жасына дейінгі балалар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы жұмыстары талапқа сай деңгейде ұйымдастырылғаны анықталды. Бақылау көрсеткіштерінің 93%-ы толық орындалған. Тәрбиешілер денсаулық сақтау технологияларын жүйелі қолданып, балалардың денсаулығын нығайтуға, қозғалыс белсенділігін арттыруға және салауатты өмір салты туралы түсініктерін қалыптастыруға қолайлы жағдай жасаған. Балалардың мәдени-гигиеналық дағдылары жақсы қалыптасқан, қауіпсіз мінез-құлық ережелерін меңгерген. Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар оң нәтиже көрсетіп, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастық нығайған. Жалпы алғанда, «Мектеп жасына дейінгі балалармен салауатты өмір салтын ұйымдастырудағы педагогтар қызметі» тақырыбындағы бақылау қорытындысы бойынша жұмыс деңгейі «жақсы» деп бағаланып, тәжірибені жалғастыру ұсынылды.

Меңгеруші Амирова Г.Х.

## **ІСКЕРЛІК ОЙЫН**

### **«СПОРТТЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МИКРОФОН»**

**Жүргізуші:** әдіскер Едильбаева Б.А.

**Мақсаты:** Педагогтердің денсаулық сақтау технологиялары бойынша білімдерін жетілдіру, тәжірибе алмасу, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы жұмыс түрлерін талқылау және кәсіби құзыреттіліктерін арттыру.

**Іскерлік ойынның барысы:** Қатысушыларға «Микрофон» ұсынылады. Әр педагог қойылған сұраққа қысқа әрі нақты жауап береді. Қажет болған жағдайда тәжірибесінен мысал келтіреді.

#### **I кезең. «Блиц-сұрақтар»**

1. Денсаулық сақтау технологиясы дегеніміз не?
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтаудағы негізгі міндеттер қандай?
3. Балабақшадағы денсаулық сақтау жұмыстарының негізгі бағыттарын атаңыз.
4. Таңғы гимнастиканың бала денсаулығына әсері қандай?
5. Сергіту сәттерін ұйымдастыру не үшін қажет?
6. Қимылды ойындардың бала дамуындағы рөлі қандай?
7. Балалардың қозғалыс белсенділігін арттырудың тиімді жолдарын атаңыз.
8. Шынықтыру дегеніміз не?
9. Шынықтырудың қандай түрлерін білесіз?
10. Балаларды шынықтыру кезінде қандай талаптарды сақтау қажет?
11. Баланың денсаулығын нығайтуда таза ауаның маңызы қандай?
12. Салауатты өмір салты дегеніміз не?
13. Балаларға қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру қалай жүзеге асырылады?
14. Денсаулық сақтау технологияларын қолдануда тәрбиешінің рөлі қандай?
15. Ата-аналарды денсаулық сақтау жұмыстарына қалай тартуға болады?

#### **II кезең. «Жағдаяттық сұрақтар»**

**Жағдаят 1** Таңғы жаттығу кезінде бірнеше бала қатысқысы келмейді.

**Сұрақ:** Сіз қандай әдіс қолданар едіңіз?

**Жағдаят 2** Бала қимылды ойындарға белсенді қатыспайды.

**Сұрақ:** Оның қызығушылығын қалай арттырасыз?

**Жағдаят 3** Ата-аналар балаларды шынықтыру жұмыстарын қолдамайды.

**Сұрақ:** Қандай түсіндіру жұмыстарын жүргізесіз?

**Жағдаят 4** Балалардың көбі гаджеттерге тәуелді.

**Сұрақ:** Олардың қозғалыс белсенділігін қалай арттыруға болады?

**Жағдаят 5** Бала жеке бас гигиенасын сақтауға немқұрайлы қарайды.

**Сұрақ:** Қандай жұмыс түрлерін ұйымдастырар едіңіз?

#### **III кезең. «Тәжірибе алаңы»**

Педагогтер келесі сұрақтар бойынша өз тәжірибелерімен бөліседі:

1. Өз тобыңызда қандай денсаулық сақтау технологияларын қолданасыз?
2. Балалардың қызығушылығын арттырған тиімді қимылды ойындарды атаңыз.
3. Денсаулық сақтау бағытында өткізген ерекше іс-шараңыз туралы айтып беріңіз.
4. Ата-аналармен жүргізген тиімді жұмысыңыз қандай нәтиже берді?

5. Салауатты өмір салтын қалыптастыруда қандай инновациялық әдістерді қолданасыз?

#### **IV кезең. «Пайдалы кеңес»**

Әр педагог әріптестеріне денсаулық сақтау технологиялары бойынша бір пайдалы кеңес береді.

Мысалы:

- «Таңғы жаттығуды музыкамен өткізу балалардың белсенділігін арттырады».
- «Тыныс алу жаттығуларын күнделікті қолдану тиімді».
- «Ұлттық қимылды ойындар балалардың қызығушылығын күшейтеді».
- «Серуен кезінде зерттеу элементтерін қосу қажет».
- «Ата-аналармен бірлескен спорттық шаралар жақсы нәтиже береді».

**Қорытынды:** Іскерлік ойын барысында педагогтер денсаулық сақтау технологиялары бойынша білімдерін көрсетті, өзара тәжірибе алмасты және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы жұмыс түрлерін талқылады. Ойын педагогтердің кәсіби белсенділігін арттырып, денсаулық сақтау технологияларын тәжірибеде тиімді қолдануға ықпал етті.

Әдіскер Едильбаева Б.А.

## **ПЕДАГОГТАРҒА КЕҢЕС**

**Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың дене дамуын оңтайландыру мақсатындағы педагогтардың өзара әрекеттестігі»**

**Мақсаты:** Балалардың дене дамуын қамтамасыз етуде тәрбиешілер мен мамандардың өзара ынтымақтастығын жетілдіру, денсаулық сақтау технологияларын тиімді пайдалану арқылы тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту және қозғалыс белсенділігін арттыру.

Мектепке дейінгі кезең – баланың дене, психикалық және әлеуметтік дамуының негізі қаланатын маңызды кезең. Осы уақытта балалардың денсаулығын нығайту, қозғалыс дағдыларын дамыту және салауатты өмір салтына баулу педагогтердің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Балалардың толыққанды дене дамуына қол жеткізу тек тәрбиешінің ғана емес, дене шынықтыру нұсқаушысының, музыка жетекшісінің, педагог-психологтың, медициналық қызметкердің және ата-аналардың бірлескен жұмысы арқылы жүзеге асады.

**Педагогтардың өзара әрекеттестігінің негізгі бағыттары:**

**Тәрбиеші мен дене шынықтыру нұсқаушысының жұмысы**

Тәрбиеші мен дене шынықтыру нұсқаушысы балалардың қозғалыс белсенділігін арттыру мақсатында бірлесіп жұмыс жүргізеді.

Олар:

- таңғы жаттығуларды ұйымдастырады;
- қимылды ойындарды жоспарлайды;
- спорттық мерекелер мен жарыстар өткізеді;
- балалардың дене дайындығын бақылайды;
- жеке ерекшеліктерін ескере отырып жұмыстар жүргізеді.

**Тәрбиеші мен музыка жетекшісінің жұмысы**

Музыкалық-ырғақты қимылдар балалардың қозғалыс үйлесімділігін дамытады.

Бірлескен жұмыс барысында:

- музыкалық сергіту сәттері;
- би элементтері;
- ырғақты жаттығулар;
- музыкалық ойындар ұйымдастырылады.

Бұл жұмыстар балалардың қозғалыс мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

**Тәрбиеші мен педагог-психологтың жұмысы**

Педагог-психолог балалардың эмоционалдық саулығын қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар жүргізеді.

Бірлескен жұмыстар:

- психогимнастика;
- релаксациялық жаттығулар;
- эмоциялық көңіл-күйді реттеу;
- бейімделу кезеңіндегі қолдау жұмыстары.

Эмоционалдық жайлылық баланың дене саулығына да оң әсер етеді.

**Тәрбиеші мен медициналық қызметкердің жұмысы**

Медициналық қызметкер балалардың денсаулық жағдайын бақылап, педагогтерге ұсыныстар береді.

Бірлескен жұмыстар:

- денсаулық мониторингі;
- аурудың алдын алу шаралары;
- шынықтыру жұмыстарын ұйымдастыру;
- санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау.

### **Балалардың дене дамуын оңтайландырудың тиімді жолдары:**

Педагогтер күнделікті жұмыс барысында:

- ✓ таңғы гимнастиканы тұрақты өткізу;
- ✓ сергіту сәттерін ұйымдастыру;
- ✓ таза ауадағы қимылды ойындарды көбейту;
- ✓ ұлттық ойындарды пайдалану;
- ✓ шынықтыру шараларын жүйелі жүргізу;
- ✓ денсаулық сақтау технологияларын қолдану;
- ✓ қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын жүргізуі қажет.

### **Ата-аналармен ынтымақтастық:**

Балалардың дене дамуын жақсартуда отбасының рөлі ерекше.

Сондықтан педагогтер:

- ата-аналарға кеңестер беруі;
- денсаулық күндерін ұйымдастыруы;
- спорттық сайыстар өткізуі;
- отбасылық денсаулық жобаларын жүзеге асыруы қажет.

Отбасы мен балабақша арасындағы серіктестік бала денсаулығын нығайтудың маңызды шарты болып табылады.

### **Практикалық ұсыныстар:**

1. Әр топта күнделікті қозғалыс белсенділігінің мониторингін жүргізу.
2. Серуен барысында қимылды ойындардың санын көбейту.
3. Балалардың дене дамуы бойынша жеке карталар жүргізу.
4. Мамандар арасындағы өзара сабаққа қатысу жұмыстарын ұйымдастыру.
5. Денсаулық сақтау технологиялары бойынша тәжірибе алмасу жұмыстарын жүргізу.
6. Ата-аналарға арналған «Салауатты отбасы» жобасын енгізу.

**Қорытынды:** Балалардың дене дамуын оңтайландыру педагогтердің өзара тығыз ынтымақтастығын талап етеді. Тәрбиеші, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі, педагог-психолог, медицина қызметкері және ата-аналардың бірлескен жұмысы ғана баланың денсаулығын нығайтып, салауатты өмір салтын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан барлық педагогтер өз қызметінде өзара әрекеттестік қағидаларын сақтап, балалардың дене дамуын жетілдіруге бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жүргізуі қажет.

Тәрбиешілер